

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ

Сұлтанғалиева Индира Сұлтанғалиқызы

sultangalievaindira03@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар факультетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - С. Т. Бейсембаева

Қазіргі таңда жаһандану заманы болғандықтан шетел тілдерінің қарым қатынаста алатын орны ерекше, әсіресе кәсіби салаларда. Шет тілін білу қазіргі заманның талабы десек те болады, себебі ол табысты, білімді адамның сипаттамасы ретінде қарастырылады. Әлемдік тілдерді үйрену арқылы тұлға сол елдің мәдениетімен, құндылықтарымен жақынырақ танысуға, білуге мүмкіндік алады. Иоганн Гетенің «Адам неше тіл білсе, сонша түрлі адам бола алады» деген сөзі соған дәлел.

Енді тілдердің кәсіби қарым қатынаста алатын орнына толығырақ бір салаға тоқталатын болсақ, онда халықаралық қатынастардағы орны туралы ақпарат бере кетсем деймін. Мысалы қазіргі әлемдік саясатта көптеген халықаралық ұйымдар мен ұлтаралық корпорациялар қызмет етеді. Олардың алып жатқан аймағы тек бір мемлекетті қамтымайтындықтан бүкіл әлеммен қарым қатынас жасауда шетел тілдерінің маңызы орасан зор. Бір елдің саясаткерлері басқа елдің өкілдерімен мәмілеге келу, тығыз араласу арқылы экономикалық, саяси және т.б. салалар дамитыны анық. «Халықаралық қатынастар - бұл экономикалық, саяси, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени және басқа байланыстар мен әлемнің аренасында жұмыс істейтін мемлекеттер, әлеуметтік, саяси, экономикалық күштер немесе субъектілер арасындағы байланыстар мен қатынастардың жиынтығы».[1] Тілдік аспект - бұл халықаралық қатынастар субъектілерінің мәдени қатынастарының құрамдас және ажырамас бөлігі ретінде де қарастыруға болады.

Тіл әлемдік саясаттағы маңызды және негізгі фактор ретінде әрекет етеді, себебі саяси сахнада орын алып жатқан жағдайлармен қатар жүреді. Танымал Сепир-Уорфтың лингвистикалық гипотезасымен жоғарыда атап өткенімді нақтылауға болады: «Әр түрлі тілдер әлемнің әр түрлі суреттерінің қалыптасуын анықтайды». [2]

Соңғы уақыттарда дүниежүзінде ғаламдық лингвистикалық тәртіп қалыптасып, орнықты, ол дегеніміз халықаралық қарым қатынас саласында тек бірнеше тіл қолданылады: басымдықты ағылшын, француз, неміс, орыс, араб, қытай және испан тілдері.

Этностарды, ұлттарды және ұлттық бірегейлікті зерттеу саласындағы іргелі еңбектерге сүйену тілдің өзін-өзі танудың маңызды бөліктерінің бірі және ұлттық бірегейліктің нышаны деп айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тіл мемлекетаралық институттардың саяси және мәдени құрылымының жалпы құндылықтарын, принциптерін тануды болжайтын саяси бірегейліктің ерекше түрі деген де мәліметтер кездеседі. Толықтыра кетсек, сәйкестіктің бұл түрі мемлекетаралық интеграцияның және халықаралық және саяси қатынастарды дамытудың алғышарты, яғни негізі болып табылады.

Бүгінгі таңда тіл саясатының негізі бойынша көптеген халықаралық ұйымдар тілге қатысты бірнеше құжаттар қабылдап жатыр, олардың көпшілік түрі жалпы сипаттамаға ие, мысалы тілде кемсітушілікке жол бермеу принципі алға тартылады. Кейбір аталған құжаттардың атауын атап өтсем: «Тіл құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Ұлттық немесе этникалық, діни және лингвистикалық азшылықтарға жататын адамдардың құқықтары

туралы БҰҰ декларациясы, Ұлттық азшылықтарды қорғау жөніндегі СЕ шеңберлік конвенциясы, аймақтық және аз ұлттардың тілдері жөніндегі Еуропалық хартия, Ослодағы ұлттық азшылықтардың тілдік құқықтары туралы ұсыныстар, т.б. ». Осындай секілді құжаттар тек тілдік құқықтарды белгілі бір лингвистикалық тұлғаны қалыптастырушы етіп қана қоймай, сонымен қатар жеке мемлекет аясында да, мемлекетаралық интеграциялық бірлестік аясында да үлгі ретінде саналады. Ал бұл өз кезегінде әлемдік қатынасты дамытуда белгілі бір нұсқаулық ретінде де көрініс табады. Мысалға алар болсақ БҰҰ мен ЮНЕСКО ұйымдарында 6 тіл ресми түрде бекітілген: ағылшын, орыс, қытай, испан, араб, француз тілдері. Осы секілді халықаралық ұйымдар ретінде Еуропалық ұйымды ерекше атап өтуге болады. Оны халықаралық қатынастардың жаңа типі, яғни саяси интеграцияның дамыған бірлестіктерінің бірі ретінде санайды. Себебі оның көптілділік саясатының негізгі қағидаттары ретінде әртүрліліктегі бірлік, мәдени, діни және тілдік әртүрлілікті құрметтеу, тілдік кемсітушілікке тыйым салу және ресми тілдерінің мәртебесінің тең болуы, қазіргі мәлімет бойынша олардың саны 20-ға дейін ұлғайды. Қалай болғанда да лорд Уотсонның ЕҰ-ның «Бірлік әртүрлілікте» деп аталатын ұраны «ұлттық мемлекеттердің, мәдениеттер мен тілдердің ерекше үйлесімін көрсетеді» деген тұжырымымен келісу керек.

Жалпы көптеген мемлекеттер лингвистикалық факторды әлемдік саяси қатынаста өте маңызды орынға ие, әсіресе ұлы державалар. Олар тілді саясат саласында пайдаланып, маңызды сыртқы саяси ресурс ретінде қарастырады. Осы елдерде тіл мәдени қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің өзінің шекарасында халықаралық қатынастарда көшбасшы рөліне ие болу үшін және талаптарын жүзеге асыруға ұмтылатын транстерриториялық ортаны қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылады. Олар өздерінің тілдерінің әлемде таралып, белгілі бір маңыздылыққа, ықпалға ие болуға, сонымен қатар саяси өрісін кеңейту үшін тырысып, көп күш жұмсауда. Ал енді ондай мемлекеттерге Ресей, Ұлыбритания, Франция, Испания және т.б. жатады.

Халықаралық қатынастар туралы сөз қозғағанда міндетті түрде дипломатия ұғымы қатар жүреді. Себебі дипломат - бұл мемлекеттік қызметкер, басқа мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен қатынастарда елдің атынан өкілдік ететін сыртқы саяси қызметкер.[3] Олардың басты қызметі өз мемлекетін өзге мемлекетпен қарым қатынас орнату болғандықтан тілдің де осы салада атқаратын қызметі мен маңыздылығы зор. Себебі байланыс орнату, келісім шарт жүргізу тікелей қарым қатынаспен байланысты. Дипломаттың байланыс орнатып жатқан мемлекетінің тілін білуі көп жағдайда артықшылығы бар, ол сол мемлекетке деген құрметін білдіруі болып саналып, мәміле орнату сәтті өтуінің бір қадамы. Сол себептен кәсіби салада қарым қатынас жүргізуде шетел тілдерінің маңыздылығы айтарлықтай жоғары.

Жалпы біз осы дипломатия саласында оқып жатқандықтан тілді білу және оны кәсіби тұрғыда қолдана алу біз үшін өте маңызды әрі қажет, әсіресе ағылшын тілі. Себебі біздің қызметіміз мемлекеттер арасында байланыс орнатып, сәтті келісімшарттарды жасау көзделетін болғандықтан, сонымен қатар келешекте халықаралық деңгейде жұмыс жасайтындықтан басқа да шет ел азаматтарымен қарым қатынас жасауымызға байланысты тілдердің біздің саламызда маңызы зор. Ағылшын тілінің қазіргі заманда алатын орны мен қажеттілігін айту да керек емес деп ойлаймын. Қосымша университет қабырғасында үйрену үшін екінші тіл ретінде испан тіліне тоқталдым. Бәрімізге мәлім қазіргі таңда әлемде 500 миллионға жуық адам испан тілінде сөйлейді. Ол Еуропалық Одақтың, АҚШ, Африка Одағы мен БҰҰ-ның ресми тілдерінің қатарына енеді. [4] Кең таралуы бойынша испан тілі қытайлардан кейінгі орында және қазірдің өзінде ағылшын тілінен сөйлейтіндердің де саны бойынша алда тұр. Ол халықаралық қатынастың екінші тілі ретінде ресми түрде танылған болатын. Сонымен қатар, испан тілі тек мемлекеттік тіл ретінде Испанияда ғана емес, одан бөлек мемлекеттерде де бекітілген. Бұл екі тілмен шектеліп қалуға да болмайды, себебі қазіргі ғылымның ағынымен ілесу үшін әрдайым жаңа тілдерді үйреніп, кәсіби ой өрісті дамытып отыру заманның да, болашақ жұмысымының да талабы.

Жоғарыда атап өткенімдей, жаһандануға байланысты өз елінде немесе шетелде түрлі этникалық мәдениеттерге жататын коммуниканттарды түсіну үшін мәдениетаралық қарым қатынастарды дамыту қажеттілігі айтарлықтай өсіп келеді. Жаһанданудың да екінші жағын атап өтпеуге болмайды. Ол тұлға, топаралық және мәдениетаралық қақтығыстар - бұл өзіндік ерекшелігі мен ерекше мәдениетін сақтауға деген ұмтылыстар және мәдениетаралық байланыстың маңызды компоненті - тілдік білім. Сол кезде тілдік білім деген сұрақ туындайды. Тілдік білім мәдениетпен тығыз байланысты. Мәдениетаралық қарым-қатынас - бұл адамдар мен олардың қауымдастықтары арасындағы тікелей байланыстарды да, жанама байланыс формаларын да (тіл, сөйлеу, жазу, электронды байланыс) болжайтын әртүрлі мәдениеттер өкілдері арасындағы байланыс. А.П.Садохиннің анықтамасы бойынша: «Мәдениетаралық коммуникация - бұл әртүрлі мәдениеттерге жататын жеке адамдар мен топтар арасындағы қатынастар мен қатынастардың әр түрлі формаларының жиынтығы». [5]

Қазіргі әлемдегі халықаралық және саяси қатынастардағы лингвистикалық фактор-қоғамдастық - бұл әлеуметтік прогрестің маңызды жетістіктерінің бірі деуге болады. Ендігі кезекте халықаралық қатынастардағы лингвистикалық фактордың әртүрлі мемлекеттердің болашақта тиесілі достық қоғамдастыққа жұмылып, бірігуіне әрекет етуі маңызды болып отыр. Осыдан шетел тілдерінің кәсіби қарым қатынаста қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі және қозғалтқышы болғанына көз жеткіздік.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің лингвистикалық саясаты көптілді жүйеге, яғни мультилингвизмге көшуі болып табылады. Көптілділік дегеніміз тілдік әртүрлілік, оның бүгінгі әлемдік саяси жағдайда, халықаралық қатынаста қажеттілігін көп мемлекеттер түсініп, осы жүйені енгізуде. Олар өздерінің мемлекеттік тілдерін дамытып, әлемге кең түрде таратқысы келеді. Алайда қазіргі тәжірибелер көрсеткендей, не де болса жаһандану тілінің не болмаса халықаралық қатынаста басымдық алатын тілдің болу қажеттілігі ажырамайды. Осындай мәселелерді ескере отырып, тілдік саясатты саналы жүргізу маңызды болып отыр. Себебі бір тілді жаһандандырып, дәріптеу көп мемлекеттердің ұлттық құндылықтарының жоғалуына, мәдени әртүрліліктің біртектелуіне әкелу қаупі болуы мүмкін. Бірақ та тілдік саясатты енгізу және оны жүйелі түрде дамыту халықаралық және саяси қатынастардың әрі қарай дамуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Халипов В.Ф., Халипова Е.В. Власть. Политика. Государственная служба. – М.: Луч, 2006 С. 51
2. Kovalevskaja N. Linguistic Dimension of Global Politics: Hispanophone. – Berlin: Golden Mile GmbH, 2013. – С. 18.
3. Халиль В.Ш., Дипломат — это представитель страны на мировой арене. – <https://edunews.ru/professii/obzor/politika/diplomat.html>
4. Гайдук В. А. Влияние и распространение испанского языка во всем мире. – <https://www.alba-translating.ru/ru/ru/articles/2018/dyrda-gaiduk-2018>
5. Межкультурная коммуникация, Википедия https://ru.m.wikipedia.org/wiki/mezhkulturnaya_kommunikatsia